

3-МОДУЛЬ. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

1. 13 тақырып. Қаңлылардың қоныстану аймағы, әлеуметтік-экономикалық тарихы әскери- саяси ұйымдасуы.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Қаңлы тайпалар одағы, мемлекет құрамы мен құрылысы, басқару жүйесі және қаңлылардың қоныстану аймағы, әлеуметтік экономикалық тарихы, әскери саяси ұйымдасуын жіті талдау.

3. Лекция мазмұны. Қаңлы мемлекеті - Қытай жазба деректерінде канцзюй деген атпен, б.з.д. 2 ғ. айтылады. Сырдария, Талас өзендері бойында орналасты. Саны 600 мың адам, 120 мың әскерімен Орталық Азиядан келген. Астанасы Битян қаласы. Б. з. б. II ғасырдың екінші жартысындағы «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталмыш кеткен тарихи оқиғалардың нәтижесінде Орталық Азияда жаңа мемлекеттік бірлестіктер, соның ішінде Үйсін, Янцай, Қаңлы мемлекеттері қалыптасады. Соңғысы Қазақстан тарихында елеулі рөл атқарды. Тарихнаманың ауқымды болғанына қарамастан, қаңлылардың зерттелуі әлі де қанағаттандырмайды. Бұған жазбаша деректемелердің мейлінше шектеулілігі себеп болды, оның үстіне деректер үздік-создық және қарама-қайшы, мұның езі мәселенің әрқелкі түсіндірілуін туғызады. Мемлекеттің аумағы ұланбайтақ жерді: Ташкент жазирасы мен Сырдария, Жаңадария, Қуандария алабының ежелгі арналарын және Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігін қоса Оңтүстік Қазақстанды алып жатты. Ең құдіретті кезінде оған Сусе, Фумо, Юйни, Цзи, Юйцзянь сияқты бес «шағын иелік», сондай-ақ Янцай бағынды. Алайда олардың орналасуы даулы болып қалып отыр. Айтылған аймақта археологтар сол уақыттағы негізгі үш мәдениетті - қаңлы мәдениетіне баланатын Қауыншы, Отырар-Қаратау, Жетісар мәдениетін атап көрсетеді. Осы мәдениеттерді 70—80-жылдары белсенді түрде ерістетілген зерттеу қаңлы тұрғындарының материалдық мәдениетінің сипаты, шаруашылығы, қоленері туралы деректерді едәуір толықтыра түседі.

Ертедегі алуан түрлі жазбаша деректемелерде Қаңлы елінің аты б.з.б. XIV ғасырдан бастап мәлім болғанымен, Орта Азиядағы б. з. б. IV ғасырдың аяғындағы оқиғаларды жақсы білетін антик авторлары қаңлыларды тоқталмайды. Сырдария бойындағы аймақта «Қан үйі» б. з. б. III, дұрысында, II ғасырда көтерілген деп жорамалдауға болады. Бұл сол кезеңдегі көшпелілер үстемдігінің күшеюінен болған еді. Егер б. з. б. II ғасырдың екінші жартысында Чжан-Цянь Қаңлы жерлерінің оңтүстігінде юечжиге, ал солтүстігінде ғұндарға тәуелді екенін

айтса, біздің заманымыздағы I ғасырда мұндағы жағдай өзгереді. Егер Чжан-Цянь юечжи әскерін 100-200 мың, ал қаңлы әскерін 90 мың деп хабарлаған болса, Цань-Хань-Шу енді қаңлы әскерін 120 мың, юечжи әскерін 100 мың дейді¹⁴. Бұл кезеңде Орта Азиядағы қос өзен аралығында юечжилердің негізгі бөлігінің оңтүстікке, сол жағалаудағы Бактрияға ығысуы, жерге отырықшылық орын алып, жеке-жеке бес иелікке бөлінгенін, мұның өзі қаңлымен салыстырғанда олардың әлсіреуіне әкеп соқпай қоймағанын, ал қаңлылардың алдынан оңтүстік пен батысқа экспансия үшін мүмкіндік ашылғанын атап өткен жөн. Сол кезде (б. з. б. II ғасырдың аяғы — I ғасырдың басы), қаңлылардың жоғарыда аталған тәуелді бес иелігі пайда болса керек, ол өзіне Янцайды (Арал-Каспий өңіріндегі сарматалан тайпалар одағы), Яньды (Орал өңіріндегі сармат тайпалары) бағындырып алды.

Қаңлы мемлекеті - Қазақстан және Орталық Азияда болған байырғы мемлекеттердің бірі. Қаңлы мемлекеті жөніндегі ең алғашқы жазба дерек қытай жылнамасы «Тарихнамадан» («Тарихи жазбалар» - «Шыжи», «Ши цзй») мәлім болған. Онда: «Қаңлы Ферғананың (Даваньның) солтүстікбатысында шамамен 2000 шақырым (ли) қашықтықта тұрады. Көшпенді мемлекет, үйежылармен (юежы, юечжи) салттас. 80 - 90 мың әскері бар, Ферғанамен көрші мемлекет. Мемлекеті шағын, олардың оңтүстік бөлімі үйежыларға, шығыс бөлімі хұндарға бағынады», – деп жазылған. Бұл мәлімет Қытай дипломаты Жаң Чиянның (Чжан Киян, Чжан Цян) алғаш Батыс өңірге келіп (б.з.д. 128 - 127 жж.), бұл елді аралап, жерін шолып қайтқан соң, Хань патшалығының патшасы Хань Удиге жеткізген ақпары негізінде жазылған. Онда Қаңжүй - Қаңлы Орталық Азиядағы жеке ел, мемлекет ретінде аталған.

Белгілі лингвист ғалым, академик Әбдуәли Қайдаров «Қаңлы» атты көлемді тарихи шежіресінде жан-жақты талдады. Автор аталмыш еңбегінде қаңлы атауының 40 түрлі нұсқасын талдап келіп: «Қаңлылар – 25 ғасырдай ұзақ тарихи дамудың нәтижесінде бір тектен тараған және өзінің этникалық тұтастығын сақтап келе жатқан зор этнос», – деген қорытындыға келген. Әбдуәли Қайдаров зерттеу нәтижесінде «Қаңлы» – ежелгі мемлекеттің атауы, атаудың шығу тегі Сырдарияның ежелгі «Канка» атауымен байланысты деген қорытындыға тоқтаған.

634 жылы жазылған «Солтүстік патшалықтар тарихы» («Бей шы») атты Қытай жылнамасында: «Қаңлы мемлекеті - қаңлы әулетінің елі. Олар үнемі көшіп-қонып жүреді, бір өңірде тұрақтап тұрмайды. Хань патшалығынан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Олардың ата-тегі Унь, үйежылардан. Ертеде

Чилиан шань (Цилиань шань) тауының теріскейіндегі Жаоуы қаласында тұрған. Хұндардан жеңілгендіктен, батысқа ауып, Памир асып барған соң, өз мемлекетін құрған. Елі аймақтық иеліктерге бөлінеді. Қаңлының оң және сол қанат билеушілерінің барлығы Жаоуыны ұмытпау үшін оны өздерінің ата-тегі (фамилиясы) деп санайды», – деп жазылған. Бұл деректен қаңлылардың үйежылармен байланысты екендігін аңғарамыз. Үйежылар тегінде көптеген рутайпалардан құралған тайпалық одақ еді. Бірақ олардың қайта-қайта сұрапыл шабуылдарға тап болып, ауыр жеңілістерге ұшырай беруі ұлы үйежылардың құрамында болған этникалық топтардың олардан бөлініп кетуіне түрткі болды. Өйткені хұндар мен үйсіндердің оларға әлі де шабуыл жасау қаупі сейіле қоймаған болатын. Сондықтан ұлы үйежылар Жетісу жерінен оңтүстік батысқа қоныс аударған кезде олардың құрамында болып келген қаңлылар тобы олардан бөлініп шығып, Талас өзенінің бойына өз ордасын тігіп, Қаңлы мемлекетін құрады.

Деректерге қарағанда, Қаңлы мемлекеті шамамен б.з.д. 150 жылдары қалыптасқан деп тұжырымдауға мүмкіндік бар. Жоғарыда келтірілген Жаң Чиянның Хань патшасына жеткізген ақпарында Қаңлы мемлекетінің алғашқы жиырма бес жылдағы қоғамдық-саяси жағдайы баяндалған. Сондықтан ол мәліметте айтылатын «қаңлылар ұлы үйежылармен салтас», «оңтүстікте ұлы үйежылардың қарамағында тұратын шағын мемлекет» болғаны шындыққа жанасады. Қытай деректері қаңлылардың ұлы үйежылармен сабақтастығы мен олардың әлеуметтік құрылымы, тұрмыс-салтының бір-біріне ұқсастығы ғана емес, этногенезіндегі жақындығын да көрсетеді. Қытай жылнамаларында «қаңлылар ұлы үйежылармен, ұлы үйежылар хұндармен, ал үйсіндер хұндармен салтас», - деп көрсеткен Қытайдың деректанушы ғұлама ғалымы Жаң Чиңлян ұлы үйежылардың батысқа қоныс аударуы жөнінде берген түсініктемесінде: «Ұлы үйежылар - түркілер болып табылады. Тарихта шығыстық нәсілдегілер ішінен алғаш рет парсы этнотоптары аймағына енгендер ұлы үйежылар болды», – деп жазды. Осыған қарағанда, қаңлыларды хұндарға жақын түркі тектес этникалық топ деп санауға толық мүмкіндік бар. Қазақстандық тарихшы Ю.А. Зувев те қаңлылардың үйежылармен байланысты екендігін мойындайды. Бірақ автор өзінің «Канцзюй» атты еңбегінде Қаңлы мемлекетінің қоғамдық тарихын зерттеуден гөрі қаңлы атауын ескі иран тілі негізінде транскрипциялап, оған түрлі аңыздар бойынша мән-мағына беруге талпынғандығы байқалады.

Әрине, Қаңлы мемлекеті тұрғындарының құрамында болған рутайпалардың кейбір бөлімдері кейін келе иран тілдес халықтар, нақтылап

айтқанда, тәжік ұлтының құрамдас бөлігіне айналғандығын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ қаңлылардың басым бөлігі қазіргі қазақ және өзбек халқының ұлттық құрамының негізгі бір тобын құрап отырғандығын атап айту қажет.

Қаңлы мемлекетінің саяси тарихы. Сыртқы қатынастары. Қаңлы мемлекеті алғаш Сырдарияның солтүстігі, Талас өзеннің аңғарында құрылды. «Ханьнамадағы» жазылған «... Жыжы тәңірқұт (Чжичжи шаньюй) қаңлы патшасын көзге ілмеді. Ол тіптен қаһарланып, қаңлы патшасының қызын, ақсүйек-төрелерін және бірнеше жүздеген қарапайым адамдарын өлтіріп, Дулайшүйге (Талас өзеніне) тастап жіберді» деген жазылым қаңлылардың Дулайшүй - Талас өзенінің бойында болғанын аңғартады. Мұны археологиялық зерттеулердің қорытындылары да растайды. Қалай дегенмен, Қаңлы мемлекеті б.з.д. 150 жылдары Сырдарияның солтүстігі – Талас өзені бойында қалыптасқандығын көптеген деректерде көре аламыз. «Ханьнама (Хань шу). Батыс өңір тарауында»: «Қаңлы мемлекеті патшасы қыста Леүйени жерінде (Лююени, Лэюэни) тұрады. Жазда Битянь каласына дейін барады. Битянь каласынан Шан-Аньге дейін 12 мың 300 шақырым. Олар духуға тәуелді емес. Битянь Леүйени (Юйни) жеріне дейін атпен жеті күншілік жол. Шан-Аньнен қаңлы патшасының жазғы тұрағы Паньнейге дейін 9 мың 104 шақырым. Қаңлының түтін саны 120 мың, жан саны 600 мың, қарулы қолының саны 120 мың. Шығысы Басқаққа дейін 5 мың 550 шақырым. Ұлы үйежылармен салтас. Шығыста хұндардың бақылауында тұрады.

Қаңлы мемлекетінің б.з.д. I ғасырда айтарлықтай дамығандығын байқаймыз. Атап айтқанда, Қаңлы мемлекетінің иелік жері Талас өзенінің батысы және оңтүстігіндегі Сырдария өңірін толық қамтыған. Сондықтан қаңлы патшасы өзінің иелік ететін ауқымының кеңеюіне байланысты, ол жерлерді басқару жүйесіне өзгеріс жасады. Ол өзінің оңтүстігіндегі далалық аумақтарда орналасқан қала-қыстақтарды сол аймақтың шеңберінде жекежеке иеліктерге бөліп, өзі тағайындаған князьдері арқылы басқару жүйесін орнатады. Сөйтіп, Қаңлы мемлекетінің территориясы оңтүстіктегі бес аймақ пен патша өзі тікелей басқаратын солтүстік өлкені қамтыды. Сондықтан Қытай жазбаларында бес князь түгелдей қаңлы патшасына бағынады деп жазылған. Қаңлы мемлекеті орталық Азиядағы ірі мемлекетке айналған соң, ел іргесін одан әрі кеңейте түсу үшін бірқатар жорықтар жасады. «Тарихнамада»: «Аландар (Янсай, Яньцай) Қаңлының солтүстік батысында 2 мың шақырым жерде тұрады. Көшпенді мемлекет, әдет-ғұрыптары қаңлылармен ұқсас, 100 мыңнан аса әскері бар», – деп айтылса, «Соңғы ханьнамада» («Ху хань шу»): «Алан мемлекеті өз атын

«Аланшы» деп өзгертті, Қаңлыға тәуелді», – деп жазылған. Сондай-ақ, сол кездегі Янго (Мару) мемлекетінің де Қаңлыға тәуелді екендігі айтылады. Демек, б.з.д. 1 ғасыр - б.з. I ғасыры Қаңлы мемлекетінің шарықтап, дамыған кезеңі болды. Б.з. III ғасырында жазылған қытайдың «Үш патшалық деректемесі» («Сан го жы») атты жылнамада, Қаңлы ірі мемлекеттер қатарында аталады. Қытайдың Жи патшалығы (317 - 420 жж.) жазбаларында: «Қаңлы Ферғананың батыс-солтүстігінде шамамен 2 мың шақырым жерде тұрады. Олардың жері согдылармен және Ілемен шекараласады, патшасы Суше, Кеш қаласында тұрады. Олардың әдет-ғұрыптары мен тұрғын халқының бет-пішіндері және киім-кешектері ферғаналықтарға біраз ұқсайды. Тайшы жылдарының орта шенінде (Тайшы жылнамасы 265 - 275 жж.) олардың патшасы Нәби (біздің) патшамызға елші жіберіп, сәйгүлік тарту етті», – деп баяндалған. Ал қытайдың Үй патшалығы (386 - 534 жж.) жылнамасында: «...Қаңлының күшті мемлекет деген атағы бар. Батыс өңірдегі жұрттардың көбі оған тәуелді. Маймарық, Кеш, Кебуд, Кушань, Бұхара, Мару, Нақсаи, Үргенжі, Мерв елдерінің барлығы оған (қаңлыға) тәуелді», – деп жазылған. Бұл деректер Қаңлы мемлекетінің VI ғасырдың басына дейін өзінің мемлекеттік орнын сақтап келгендігін аңғартады.

Қаңлы мемлекеті көп этнотоптардан құралды. Осынау топтардың саяси дербестік үшін жүргізген күресі III ғасырдан бастап Қаңлы мемлекетін әлсірете бастады. Ақыры Қаңлыға тәуелді болып келген этникалық аймақтар біртіндеп тәуелсіздікке қол жеткізе бастайды.

Қаңлы мемлекеті б.з. III ғасырынан бастап құлдырауға ұшырай бастайды. Оның басты себебі Қаңлы мемлекетінде этникалық құрамы алақұла болғандықтан, саяси, экономикалық мүдде бірлігі қалыптаса алмағандығында жатса керек. Мысалы, Қаңлы мемлекетінің оңтүстік өңіріндегі отырықшы аймақ иеліктерінің өзінде экономикалық мүдде байланыстары қалыптаспады. Сол сияқты Қаңлының солтүстігіндегі көшпенді немесе жартылай көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданушылар, оңтүстік өңірдегілермен айтарлықтай экономикалық мүдделік байланысы болмауы салдарынан, әуелі оңтүстік өңірдегі иеліктер алды-алдына шаңырақ көтеріп, дербестеніп кетті де, қаңлы патшасы тек солтүстік өлкедегі көшпенді немесе жартылай көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданатындарды басқарумен шектелді.

Б.з.д. IV ғасырдың басында Орталық Азияға ауып келген жуандар қаңлының шығыс өңіріне ұдайы шабуыл жасап, оларды қатты әлсіретті. Сол ғасырдың соңында Орталық Азияға ауып келген эфталиттер жуандарды шығысқа қайта қайтарғанымен, эфталиттер мен қаңлы арасында болған шайқастар Қаңлы

мемлекетін одан әрі әлсірете түсті. Б.з. VI ғ. орта шенінде түріктер эфталиттерді жеңіп, Орталық Азияға өз билігін орнатты да, Қаңлы мемлекеті іс жүзінде ыдырап, ел-жұрты Түрік қағанатының билігіне өтті. Бірақ қаңлылар өздерінің көршісі - үйсіндерден әлсіздеу болғандықтан, әлсін-әлсін олардың шапқыншылығына ұшырап, жәбір көрумен болды. Қаңлылар өздерінің осындай әлсіз тұсын бекемдеп алу үшін хұн тәңірқұты Жыжымен одақтасып, Жыжыға арқа сүйеп, төңірегіндегі елдерге сес көрсетпек болды. Сөйтсе, Жыжы тәңірқұттың қаңлымен одақтасудағы ойы басқаша екен. Ол қаңлы жеріне табан тіреп алғасын өз күш-қуатын мығымдап, Орталық Азияға өз үстемдігін орнатуды қарастыра бастайды. Ол қаңлы әскерлері арқылы үйсіндерді шауып, өз күшін нығайтып алған соң, тіптен қаңлы патшасын көзге ілмейтін күйге жетеді. Орталық Азияда қалыптасқан бұл жағдай енді Хань патшалығын ойландыра бастайды. Хань патшасы Жыжыны жою үшін аттанғалы отырған Гань Яншоуға Қытайдың бас сардары Шын Таң (Чэнь тан) былай дейді: «Батыс өңір бұрын хұндардың құзырында болған. Осы күнде Жыжы тәңірқұттың құдірет-күші мығымдалып, айбары асқақтап, атағы шалғайды шарлады. Ол үйсіндерге, ферғаналықтарға шабуыл жасап, оларды сайқымазақ етіп отыр. Қаңлыны өз дегеніне көндіріп, үйсін мен ферғананы өзіне бағындырып алмақ ниет танытып жүр. Егер ол екі елді өзіне бағындырып, одан әрі солтүстіктегі Ілеге шабуыл жасап, батысындағы Бактрияны бағындырып, оңтүстігіндегі үйежылар мен александриялықтарды әрі қарай ығыстырып жіберетін болса, таяу жылдары қалалық елдерге қауіп төндіреді. Бұл елдің адамдары сом денелі, қайратты әрі соғысқұмар. Олар сондығымен талай-талай соғыстарда жеңіске жетіп жүр. Бұлар осылайша қарқын алып кете беретін болса, түптің-түбінде олар біз үшін Батыс өңірдегі тажал болып жабысуы мүмкін», – дейді. Жыжыға қарсы аттанған қытай қолдары б.з.д. 36 жылы қаңлы жеріне жетіп, Жыжыны өлтіреді. Қаңлы патшасы мен Жыжы қатынасы қатты шиленісіп тұрғанына қарамастан, арғы тегінің бірлігін ойлаған қаңлылар ғұн тәңірқұты Жыжымен басараздығын ысырып тастап, оған көмектесуге жүз мыңдаған әскерін аттандырып, қытай әскерлерінің ту сыртынан соққы береді. Әрине, қаңлы әскерлері қытай әскерлерінің бетін біржола қайтара алмаса да, өз жеріне баса-көктеп келген жауына батыл қарсылық көрсетуі қаңлы елдігінің көрінісі еді.

Қаңлы - Қытай қатынасы қытайдың аты шулы дипломаты Жаң Чиянның алғаш рет Орталық Азияға келуінен басталған. Бұл Қытайдың Хань оулеті елінің батысындағы жұртты билеп-төстеп тұрған Хұн империясын түбегейлі жою үшін батыс жұрты арасынан өздеріне одақтас іздей бастаған тұсы еді. Олар әуелі

хұндардың қысымына ұшыран, Орталық Азияға қоныс аударып кеткен ұлы үйежылармен одақ құрып, хұндарға қарсылық жасамақ ниетпен б.з.д. 139 жылы ол кезде Орталық Азиядағы Бактрияны билеп-төстеп тұрған ұлы үйежыларға Жаң Чиянды елшілікке жібергені белгілі. Жаң Чиян жолда хұндарға қолды болып, он жыл тұрып, ақыры ол амалын тауып хұндардан қашып шығып Ферғанаға келеді. Қытай деген бай, қуатты ел екендігін естіпбіліп, олармен қалай қатынас жасаудың жолын таппай тұрған ферғаналықтар Жаң Чиянды қуана қарсы алып, бұйымтай сұрайды. Біз қытайдың Ұлы үйежыларға жіберген елшісі едік. Жолай хұндарда бөгеліп қалып, олардан әзер құтылып келе жатырмыз. Бізді тек (үйежыларға) жегкізіп берсеңіздер болғаны. Егер сіздер біздің тілегімізді орындасаңыздар, қытай патшасының сіздерге деген ықыласы мен сый-сияпатында шек болмас еді дейді. Ферғаналықтар сол сөзге сеніп, Жаң Чиянға жол бастаушы қосып беріп, қаңлының орталығына жеткізіп салады. Қаңлылар әрі қарай оларды үйежыларға жеткізеді». Қаңлы - Қытай қатынасы алғаш осылай басталған еді. Күрделі тарихи себептердің салдарынан қытайлардың Орталық Азиядағы басты одақтасы үйежылар емес, үйсіндер болатын. Қаңлылар Қытай - Үйсін арасындағы байланыстарды өздеріне ұтымды пайдаланып отырды. Қаңлы мемлекеті б.з.д. I ғасырда айтарлықтай дамыған тұста қаңлы патшасы тек көршілері ғана емес, қытайлармен де тепе-теңдік жағдайда қатынас жасауға ұмтылды. Әрине, қаңлылардың бұл қадамы қытайларға ұнамай қалды. Біріншіден, қаңлы мемлекеті өзінің дербестігін сақтап алып, көршісіне де илікпегендігін көрсетеді. «Ханьнамада»: «Қаңлы басқаққа – духуга тәуелді емес», – деп ашық жазылған. Әрине, қаңлылар соңғы ғасырларда қытай елімен барыс-келіс жасағандығы белгілі, бірақ олар қытайлармен тепе-теңдік жағдайда болуға ұмтылды; екіншіден, бұл оқиғалар Қаңлы мемлекетінде дипломатиялық сындарлы мәдениет қалыптасқандығын көрсетеді. Олар әрбір елге өздерінің этногенездік, географиялық және мүдделік қатынастары негізінде мәміле жасайтын байсалды принциптер қалыптастырды. Қаңлылар түпкі тамыры бір көрші елдераралық қарым-қатынасты алып Қытай мүддесінен де жоғары қоя білді. «Жақын кім? Жат кім?» дегенді парықтай алу және олардың әрқайсысына лайықты ізет жасай білу деген дипломатиялық мәдениеттің басты белгісі десек, Қаңлы мемлекеті б.з.д. I ғасырдың өзінде-ақ біршама жоғары өркениетке жеткен ел болғандығы талас тудыра қоймас деп ойлаймыз.

Археологтар қаңлының заттық мәдениетін зерттеу арқылы қаңлы мәдениетінің б.з.д. I ғасырда қалыптасқандығын дәлелдеді. Демек, осылардан

қаңлы өркениеті, оның заттық мәдениеті мен рухани мәдениеті айтарлықтай деңгейге жеткендігін байқауға болады.

Қоғамдық құрылымы. Қаңлы мемлекеті, негізінен, көшпенді мал шаруашылығы мен диқаншылық кәсібін ұштастырған байырғы мемлекет. Сондықтан олардың қоғамдық-саяси басқару құрылымы олардың әлеуметтік, шаруашылық салтына байланысты өзгеріп отырды. Қаңлы мемлекетінің ең жоғарғы билеушісі қаңлы патшасы болды. Ол Қаңлы мемлекетінің саяси, шаруашылық, әскери-қорғаныс істерін басқарушы ең жоғарғы билеуші болып табылды. Патшадан кейінгі екінші дәрежелі билеушісі Си Фу ваң, яғни патшаның орынбасары болды. Ол патшаның бірінші көмекшісі әрі әскери істерін басқарушы бас сардар саналды. Патшаның орынбасары ірі жорықтарға өзі қолбасшылық жасады. Қаңлы мемлекетінің үшінші орындағы билеушісі гүй рын - ақсүйектер немесе төрелер болып саналады. Олар, негізінен, халықтық-әлеуметтік істерді, еларалық қатынастарды, бітімгершілік міндетін атқарады, сондай-ақ кезекті кеңес, жиналыстарға қатысып, маңызды шешімдер қабылдайтын мемлекеттік кеңесшілер болып саналады. Басқаша айтқанда, олар – ең жоғарғы ақсүйектер кеңесінің мүшелері. Қаңлы мемлекетінің төртінші дәрежедегі билеушісі ябғулар деп аталады. Ябғу – ірі тайпалар немесе ұлыс басшылары. Олар өз ру-тайпаларының әскери және әкімшілік істерін басқарады. Сондай-ақ олар ақсүйектер кеңесіне де қатысып, мемлекеттік маңызды шешімдер қабылдауға ықпал жасай алатын беделді адамдар болып саналады. Қаңлы мемлекетінің бесінші дәрежелі билеушілері - түменбасылар. Қаңлы мемлекетінде әскер және әкімшілік жүйе біртұтас болды. Әрбір отбасынан бір адам тұрақты түрде сарбаз болуға міндетті. Олар жайшылықта шаруашылықпен айналысады да, соғыс бола қалған жағдайда қосын құрып, қолдарына қару алып, шайқасқа аттанады. Қаңлы мемлекетінің қоғамдық басқару жүйесі әлеуметтік-саяси жағдайдың динамикасына орай өзгеріп отырды. Шамамен б.з.д. I ғасырда қаңлы иелігіндегі территорияның барынша кеңеюіне байланысты ол жерлерді басқару құрылымы да өзгерді.

Қаңлы мемлекеті өзінің оңтүстік өңірінің географиялық ерекшелігіне орай, оларды бес әкімшілік басқару аймағына бөліп, әрқайсысын орталықтан тағайындалған князьдер басқарды. Ал елдің солтүстік өңірін қаңлы патшасы тікелей өзі басқарды. Патшаның бұрынғы орынбасарлар міндетін – мемлекет істерін тең үш уәзір атқаратын болды.

Қаңлы үштігі әкімшілік басқару жүйесі болып табылады. Қаңлы мемлекетінің жоғары дәрежелі билеушілерінің дені қаңлының патша әулетінен шыққандар

болды. Патшалық билік мұрагерлік жолмен әкеден балаға беріліп отырды. Қаңлы мемлекетінің оңтүстік аймақтарын тоқалдан туған ұлдар, ал орда орналасқан солтүстікті бәйбішеден туған ұлдар мұрагерлікпен басқаратын болды. Қаңлы мемлекетінің жоғарғы жік билеушілері, негізінен, осы екі аналық жүйеден тараған ұрпақтар арқылы жалғасын отырды.

Қаңлы тайпаларының шаруашылығы. Қолөнер кәсібі. Қаңлы мемлекеті иеленген кең-байтақ өңірдің табиғаты мен ауа райы, географиялық жағдайы біркелкі емес еді. Сондықтан қаңлы тұрғындары өздері өмір сүріп отырған табиғатының ыңғайына қарай әртүрлі шаруашылықпен айналысты. Қытай жылнамаларында қаңлылардың көшпенді мемлекет екендігі, сондай-ақ олардың жылқы, сиыр, қой, түйе сияқты мал түліктерін қатар өсіретіндігі анық жазылған. Қаңлы мемлекетінің Сырдарияның солтүстігі мен Талас өзенінің аңғарын мекендеген тұрғындары, негізінен, көшпенді немесе жартылай көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданған. Шаруалардың негізгі азығы қой еті болған. Сондықтан олар қой еті өнімдерін көбейту мақсатында қой тұқымын жақсартып, мол ет беретін тегенекүйрық қой өсірген. Қытай жазбаларында: «Қаңлыларда үлкен құйрықты қой өседі. Қойдың құйрығы көлемді және дөңгелек болады, (құйрығының) салмағы 10 жың (екі жың 1 кг) келеді», – деп жазылған. Осы мәліметтерді жазған қытай авторы Орталық Азиядағы басқа елдердің қой түлігі туралы да сөз еткен, бірақ оларда «үлкен құйрық (тегенекүйрық) қойдың» болғандығы туралы айтылмайды. Соған қарағанда, басқаларда ондай қой түлігі болмаған сияқты. Қаңлының солтүстік өлкесіндегілер мал шаруашылығымен қатар, қосалқы өндіріс ретінде егін шаруашылығымен де айналысқан. Ал Қаңлы мемлекетінің оңтүстік өңірін мекендеген отырықшы жұрт егін шаруашылығын негіз етіп, мал шаруашылығы және жеміс-жидек өсірумен шұғылданған. Қытай жылнамаларында қаңлы иеліктерінде күріш, тары, асбұршақ және бидай көп өседі деп жазылған. Ал қаңлы жерінде жүргізілген археологиялық экспедициялардың қорытындысы төмендегі жайдан хабардар етеді. Егер қаңлылардың салған үйлері «екі бөлмелі болса, екінші бөлмесі міндетті түрде қойма болады... Онда тары, күріш, бидай, арпа, асбұршақ сақталған көрінеді».

Қаңлының оңтүстік өңірлерінде егін шаруашылығымен қатар бағбаншылық кәсібі де айтарлықтай дамыған. Қытайдың «Жинама» («Жи шу») атты жылнамасында: «Қаңлы мемлекеті Ферғананың солтүстік-батысында 2 мың шақырым жерде тұрады... Жерінің ауа райы жылымық, жерінде емен, тал, жүзім ағаштары көп өседі. Сиыр, қойлы көп, жақсы жылқы өседі», – деп жазылса,

«Үйнамада» («Үй шу»): «Қаңлы мемлекеті – қаңлы елі болып табылады. Жерінің ауа райы жылымық, бес дақылдың өсуіне қолайлы. Халқы бау-бақша өсіреді. Ағаштары мәуелеп өседі... Жүзім шарабын жасайды, байларында бір мың шығаға дейін жүзім шарабы болады, жыл өтсе де бұзылмайды», – деп хабарлаған. Соған қарағанда, қаңлы елінің оңтүстік тұрғындары б.з.д. III - IV ғасырларда жүзім өсіріп, шарап жасау және оны ұзақ сақтау айла-тәсілін меңгерген. Демек, бұл деректер жеміс-жидек өнімдері олардың тұрмыс-тіршілігінде маңызды орын алатындығынан мағлұмат береді.

Қаңлы мемлекетінде сауда-саттықтың айтарлықтай дамығандығы белгілі. Өйткені Қаңлы мемлекетінің географиялық орналасуы, олардың мал және егін шаруашылығымен қатар айналысуы ол елде ішкі сауданың қанат жаюына негіз болды. Қаңлы мемлекеті, негізінен, Орталық Азиядағы «Ұлы Жібек жолындағы» сауда тораптары орналасқан қалаларға үстемдік етті. «Ханьнамада» «қаңлылар сауда жасауға әуес» делінген. Қаңлылардың сауда жасауға әуестігінен, олардың сауда-саттық істері ел экономикасының арнаулы саласына айналған. Сауда олардың тұрмыс қажеттілігін өтеудің маңызды жолы болған. Сондай-ақ олар «Ұлы Жібек жолы» саудасы арқылы шетелдермен де экономикалық қарым-қатынас жасаған. Қандай да бір елде ұлттық экономиканың ойдағыдай дамуы қашанда сол елді өз ақша белгісін шығаруға мәжбүр етеді.

Қаңлы мемлекеті – өз ақша белгісін жасап, экономикалық сауда айналымына қосқан ежелгі мемлекеттердің бірі. Археологтар қаңлы ақшасы - теңгенің салмағы әртүрлі, иконографиялық дәстүрі тұрақты, билеушілерінің бейнесі қырынан көрсетілген ежелгі үлгідегі 1300 данадан астам мыс теңгелерді тапқан. Отандық археологтарымыз қаңлы ақшасы - теңгенің жасалған уақытын б.з.д. II ғасырға жатқызады. Алайда, қаңлы теңгелерінің көптеп жасалып, тауар айналымына мол түскен кезі б.з. III - IV ғасырлары деп есептейді. Бұл тұжырымның дәйектілігін қытай жазба деректерінен де көруге болады. Қаңлы елінің сауда-саттық істері әр ғасырларда бір мезеттік шарықтаудан соң, әртүрлі саяси, экономикалық себептердің салдарынан, әдеттегідей құлдырауға ұшырағанының да куәсі боламыз. Демек, бір елде сауданың гүлденуі мен құлдырауы мемлекеттің күшеюі мен әлсіреуіне тығыз байланысты болғандығын аңғартады.

Қаңлы елінде қолөнер кәсібі айтарлықтай дамып, өзіндік өрнегімен «қаңлы мәдениеті өңірін» қалыптастырған. Қолөнер, ең алдымен, адамдардың тұрмыстық қажеті бойынша жасалады және сол қажетке жұмсалады. Қайсы қоғамда болмасын, адамдардың бірінші қажеттілігі, яғни тұрмыстық

мұқтаждықтары біршама толық қанағаттандырылған жағдайда ғана, адамдар өздерінің рухани талаптарын қанағаттандыруды қарастырады, басқаша айтқанда, рухани өркениетке, мәдениетке ден қоя бастайды. Осы талапқа сай қолөнер бұйымдары эстетикалық деңгейге көтеріледі. Осылайша, қолөнер шеберлері адамдардың екінші мұқтажына назар аударулары тек адамдардың өскелең қажеттілігін қамтамасыз еткен жағдайда ғана мүмкін болады. Сондай-ақ қолөнердегі жетістіктер тұрғындардың өмір сүру деңгейінің өскендігін де көрсетеді.

Археологиялық қазбалардан табылған қаңлы мәдени мұраларына талдау жасайтын болсақ, оларда жоғарыдағы екі қажеттіліктің қай-қайсы да лайықты жасалған қолөнер бұйымдарының мол екендігін көрсетеді. Мысалы, қаңлы елінде қой жүнінен жасаған үйлер мен топырақтан, қыш кірпіштен тұрғызылған үйлердің болғандығы мәлім. Ал баспананың басты жасауы ыдыс-аяқтар екендігі белгілі. Археологиялық мәліметтерге жүгінсек, қаңлы жеріндегі «қоныстар мен қорымдарды қазғанда қыш бұйымдары мейлінше көп табылған. Зерттеушілер шаруашылықта түрлі қажеттерді қамтамасыз ететін ыдыстардың ондаған түрлерін тапқан. Металл ыдыспен бірге, керамика ыдыс тамақ дайындау үшін қолданылған, сұйықты тасымалдау және сақтау үшін түрлі құмыралар тұтынылған». Қаңлы жерінде алтын байлығының молдығы қытай деректерінде жазылған. Қаңлы халқы өз жеріндегі алтын, күмісті қажеттеріне жарату технологиясын жақсы меңгергендігі археологиялық мұралардан көрінеді. «Нақ сол кезде осындай тауарлар жергілікті кен негізінде темір және полиметалл өндіру, алтын мен күміс қорыту дамыған», – дейді археологтар. Ал өндірілген алтын, күмістің қолданылуы жөнінде жазылған деректерді қытай жылнамаларынан кездестіруге болады. Онда «Қаңлы патшасы басына жеті жерден алтынмен гүл салып әшекейлеген бас киім - қалпақ киеді. Үстіне жұқа торғын матадан, мақта және жібектен тоқылған, ақ торғыннан тігілген киімдерді қабаттап киеді. Патшаның әйелі шашын ұзын өсіреді де, бастарына бөртпе салы салады», – деген мәліметтер жазылған.

Қаңлы жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың материалдарына жүгінсек, қаңлылардың тоқыма қолөнер құралдарын «ең дағдылысы алуан түрлі (керамика, тас) ұршықтар, тоқыма станоктарына арналған салмақтастардың табылғандығынан» көруге болады. Демек, қаңлыларда қой жүнін тоқу және мақта тоқу қолөнер кәсібі біршама дамығанының куәсі боламыз. Сондай негізде қаңлылар өздері тұтынатын жүн және мақта тоқыма маталарын өндірген.

Қаңлылар «Ұлы Жібек жолында» саудамен шұғылданғандықтан, қытайдың қымбат жібек, торғын-торқаларын да сатып алып, киім-кешектер тігіп киген. Жібек матадан киім киетіндер патша әулеттері және ел билеуші ақсүйектер ғана болған. Сөйтіп, қаңлылардың киім тігу өнері мен зергерлік кәсібінің айтарлықтай дамып, алтынды әшекей үшін қолдану шеберлігі біршама жоғары деңгейге жеткен.

Қаңлы елінің әскери күш-қуатының мығым болғандығы қытай жылнамаларында көп қайталанып жазылған. Әскердің құдіреттілігі, көбінесе, оның қолындағы қаруына байланысты болады. Қаңлы әскерлері де өз қаруымен қуатты болған. Өйткені қаңлылардың әскери қару-жарақ жасау қолөнері біршама жоғары деңгейге жеткен. Қаңлы жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында жебелердің ұштары, сауыт, қалқандар, семсерлер, пышақтар табылған. Пышақ, қанжарлардың және семсерлердің саптары сүйектен жасалған. Қаңлы елінде қару-жарақ жасау өнерінің біршама жоғары болуы - Қаңлы мемлекетінің ұзақ уақыт бойы қауқарлы ел болып тұруына негіз болған. Қаңлылардың астық өңдеу, жеміс-жидек өсіру, қолөнері мен оған қажетті қарапайым диірмен қатарлы техниканың біршама кең көлемде қолданылғандығын да тарихи жазбалардан және археологиялық қазба материалдардан көруге болады.

Қорытып айтқанда, қаңлы елінің қолөнер кәсібі олардың жалпы қоғамдық шаруашылығының қосалқы бір саласы болған. Материалдық және рұхани мәдениеті. Өркениет дәуірінде жасалған мәдениеттердің бәрінде белгілі дәрежеде этномәдениеттік ерекшеліктер болады. Қаңлы мемлекеті өркениет дәуірінде құрылған, яғни қоғамдық жіктер айқындалған кезеңде қалыптасқан. Сондықтан қаңлы мәдениетінде өздеріне тән этномәдениеттік түрлі таңбалар басылғандығын айқын байқауға болады. Қаңлылардың тегі хұн, түркі тектес халықтар болғандықтан, олар өз тілінде, яғни түрік тілінде сөйлеген. Ал қаңлыларда жазу мәдениетінің болғандығы жөнінде қытай жазбаларынан нақтылы деректер кездеседі. «Үйнамада»: қаңлылар «ху шу қолданады» деп жазылған. Мұнда айтылған «ху» - бұратана, жабайы деген мағынаны білдіреді. Ал «шу» - жазу деген сөз. Сонда ол «бұратана жазуын», яғни қаңлы жазуын қолданады деген мағынаны білдіреді. Осы деректер одан соң жазылған «Бейнама» және «Сүннама» қатарлы жылнамаларда қайталанады, тек «Жаңа таңнамада» («Шын таң шу»): «Қаңлылар жазуды көлденеңінен жазады», - делінген. Бірақ, өкінішке орай, осы жазудың үлгісі күні бүгінге дейін табылған жоқ. Қалай дегенмен, Қаңлы мемлекеті қытай жылнамалары хабарлаған

көлденең жазылатын жазуды қолданғандығы шындық. Демек, қаңлы елінде жазу мәдениеті болған деп кесіп айтуға мүмкіндік бар. Әрине, бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді.

Қаңлылардың тұрғын үйлері көшіп-қонуға қолайлы киіз үйлер және топырақ пен ағаш, тастан жасалған тұрғын үйлер болған, адамдар жиі орналасқан елді мекен, қалалары болған. Археологтардың мәлімдеуіне жүгінсек, «қазіргі оңтүстік Қазақстандағы ежелгі орта ғасырлардағы көптеген қалалардың іргетасы сонау қаңлылар дәуірінде пайда болған» делінетін пікір бар.

Қаңлы жұрты қолданған киіз-текемет, кілем-сырмақ қатарлы төсеніш және үй қабырғаларына ілетін түс бұйымдар, киетін киім-кешектер өздері өсіріп отырған мал өнімдері мен мақта мамықтарынан жасалатын болған. Олар қой жүнінен киіз текеметтер басып, төсеніштер жасаумен қатар, киізден қалпақ, кебенек-шекпендер жасап киген. Қарапайым халық қой терісінен тон сияқты сырт киімдер тігіп киген. Ал жоғары жіктегілер түлкі, қасқыр, ілбіс және басқа да аңдар терісінен қымбат бағалы тымақ, ішік, тон сияқты киімдер тігіп киген. Сондай-ақ олар «Жібек жолында» сатылатын торғын-торқа, жібек маталарды да сатып алып, одан көрікті киімдер тігіп кигендігі де тарихи деректерден мәлім. «Көне таңнамада» («Жию таң шу»): «Қаңлы еркектері шаштарын алдырып тастайды немесе өріп қояды. Олардың патшасы алтынмен әшекейленген киіз қалпақ киеді. Әйелдері шаштарын төбесіне түйіп, бастарына салы салады. Алтыннан жасалған түйреуіш гүлдермен бастарын әшекейлейді», – деп жазылған. Қаңлы мемлекетінің саяси және рухани мәдениетінің өзіндік елеулі ерекшеліктері бар. Қаңлы елінде заң мен діни нанымдар өзара ұштастырылып атқарылған. Өйткені қаңлы билеушілері заң мен діннің құдіреті арқылы адамдарға қоғамдық қылық - мораль нормаларын қалыптастыруды қарастырған. Қытай жылнамаларында: «Қаңлыда заң бар, (олар) заңдарды (сот өкімін) діни орындарда атқарады. Олардың қолданатын жазалары өлтіру және дене мүшелерін кесуден тұрады. Қылмысы ауырлар тұқымымен - үрім-бұтақтарымен өлтіріледі, одан жеңілдерінің өзін өлім жазасына бұйырады, ұрлық істегендердің аяқтары кесіледі», – деп жазылған. Қаңлы мемлекетінің осы заңы бірнеше ғасыр бойы қолданылғаны жайлы қытай жылнамалары белгілеп отырған. Демек, Қаңлы мемлекеті елін белгіленген заң бойынша басқарып отырған. Халықты белгілі заң арқылы басқару, қоғам тәртібін заңмен қорғауды жолға қою - нағыз өркениеттіліктің, мемлекеттіктің басты нышандарының бірі болып табылады. Қаңлы мемлекетінде заң өкімдерін діни ғибадатханаларда өткізуінде үлкен мән бар. Себебі заңның да, діннің де атқаратын бір міндеті – адамдардың іс-

кимылдарын бір тәртіпке келтіру арқылы қоғамдық мораль қалыптастыру болып табылады. Сондықтан олар «жамандықтың соңы жамандықпен аяқталатынын адамдар санасына сіңіру үшін заңдық рәсімдерді қасиетті діни орындар, сұсты ғимараттарда өткізіп отырған. Бұл қаңлы билеушілерінің адамдардың жан дүниесіне ықпал жасаудың маңыздылығын жете тани білгендігінен болса керек.

Тарихи деректерге сүйенер болсақ, қаңлылар алғашқы кезде парсылардың зороастризм - отқа табыну бағытын ұстанғандығын байқаймыз. Қаңлылар зороастризм нанымына сенгендігі соншалық, олар өз жерінде осы дінге сыйынатын арнаулы кесенелер салған екен. Оларды қытай деректері «шяньсы» – деп атайды. Зороастризм нанымы бойынша, отты, жарықты, тазалықты, жасампаздықты және тууды - жақсылық, ал қараңғылық, ластық, лайлану, азғындық және өлімді - жамандық деп санайды екен. Сондықтан қаңлы билеушілері өздерінің этнозандарына кайшылық жасап, адам өлтірген, азғындық жасаған, мал-мүлік ұрлаған қылмыстыларды жазалау сот жиналыстарын, сол зороастризм нанымына сыйыну мінәжатын шяньсы орнында атқарған. Мұнда атқарылатын жаза түрлері жайлы біз жоғарыда атап өттік. Қаңлы халқы, сонымен қатар, будда дініне де сенген. Бұл жөнінде қытай деректерінде «Елінде мемлекеттік пұтханалар (го ли зу мяу) бар, маусым айында олар бас қосып, ас беріп, тәуеп етеді, иеліктердің барлығы ас беруге көмектеседі. Олар Буддаға табынады», – деген және «он екінші айды - қаңтарды жыл басы деп есептейді, қабырғаға ілінген суреттерге табынады», – деп жазылған мәліметтер қаңлы халқының бір бөлігі буддизм жолын ұстанғандығын аңғартады. Бұл деректерді археологиялық зерттеулердің қорытындылары да растай түседі. Демек, қаңлы халқы көп дінді болған, яғни олар өздері өмір сүрген аймақта зороастризм, буддизм және пұтқа табынған. Қаңлылар будда дінін шамамен б.з.д. II ғасырдың соңғы жартысында ұлы үйежылардан қабылдаса керек. Содан үш-төрт ғасыр өткен соң, будда діні қаңлы жерінде біршама кең тарады.

Шамамен б.з. III ғасырында ұлы үйежылар мен қаңлылар арасында алауыздық орын алып, соғыс болған кезде қаңлылардың бірқатар тұрғындары қытай жеріне барып, будда дінін уағыздап, елге дін таратумен күн көргені туралы деректер кездеседі. Олар жат жерде өз ата-тегін ұмытпау үшін өз фамилиясын «Қаң - Қаң» деп қойғандығы жайлы қытай деректерінде белгіленген. Олардың арасынан әйгілі буддизм ғұламалары шығып, тарихынан маңызды орын алғандары да аз емес. Сондықтан қытай халқына будда дінін немесе буддизм өркениетін таратушылар - қаңлылар болғандығы тарихшылар тарапынан көп жазылған мәселе.

Қаңлылардың өлік шығару, жерлеу рәсімдері сияқты этнографиялық салт-дәстүрі олардың діни нанымдары мен отбасылық дәулетіне байланысты әрқилы болыпты. Көңілашу өнері дегеніміз – ойын-сауық мәдениеті болып табылады. Қаңлы елінің ойын-сауық өнерінің сол тұста айтарлықтай дамығандығын қытай деректері арқылы байқаймыз. Қаңлылар әртүрлі музыкалық аспаптар арқылы өзіндік әуез - музыка қалыптастырған. Қаңлылардың музыкалық аспаптары жөнінде қытай деректерінде «қаңлыларда үлкен және кішкене барабандар, пипа, бес ішекті (аспап, яғни жетікен аспап, ятыған), күнху және басқа музыка аспаптары бар» деген мәлімет жазылған. Қытайдың «Кене таңнамасында» қаңлы адамдары «қымыз құмар, өлеңші, биші келеді» деп баяндалған. Осы сияқты және бір деректе қытайдың Сүй патшалығын құрушы Яң Шань император өз ордасында жеті түрлі музыка өнерін ұстағандығы айтылады. «Оның біріншісі - ұлттық өнер; екіншісі - чиңшаң өнері; үшіншісі - корей өнері; төртіншісі - үнді өнері; бесіншісі - бұхар өнері, алтыншысы - кушань өнері; жетіншісі - қаңлы өнері» болған. Қытай жылнамасында: «Жоу патшалығының Уди патшасы солтүстік бұратаналардан қыз алғаннан бері Қаңлы мемлекеті батыс бұратаналар өнерін игерді. Олардың өлеңдері орта дауыс - қоңыр дауысқа жатады. Олардың би музыкасы төрт түрлі. Музыка аспаптары - сыбызғы, барабан, қосбарабан және дүңбаны бір топ болып жеті адам орындайды». «Жоу әулетінің Уди патшасы бұратаналардан бәйбіше алған соң, мұнда батыс өңірдегі елдер көп келетін болды. Сонымен күшан, сулы (қашқар), бұхар және қаңлы музыкалары Шан-Аньде тоғысты. Қаңлы музыкасын орындаушы басына қара желек салады, үстіне жібектен тігілген, жеңіне гүл шашағы қадалған ұзын көйлек киеді. Биді екі адам орындайды. Олар жағасы кестелі, қызғылт түсті, жеңі көк түсті келетін жұқа шапан киеді, ауы кең сым (шалбар) киеді, аяғына қызыл былғары етік киіп, белін ақ белбеумен буады. Билегенде құйындай шыркөбелек айналады. Мұны «бұратаналар ырғағы» деп атайды. Музыкалық аспабы екі сыбызғы, бір барабан және бір қосбарабан, тағы бір дүңбадан тұрады екен. Осы деректерден қаңлы елінде шағын оркестрмен орындалатын музыкалық аспаптары болғандығын және оған қоса би билейтін ойын-сауық өнерінің қалыптасқандығын, сондай-ақ оның сол тұстағы әлемдік деңгейге көтерілгендігін байқауға болады. Демек, сол кезде қытай патшалықтары батыс өңірдің ару қыздарын бәйбішелікке алып, өз ордасында олардың өлең-билерін тамашалауға құмар болғандығы Батыс өңірдегі қаңлы қатарлы елдердің ойын-сауық өнерінің тартымды болғандығын көрсетсе керек. Сол кездегі қаңлы биші қыздарының мың бұралып билеген биін көрген қытай ақындары қатты әсерленіп, жалынды өлеңдер де жазып қалдырған. Жазба

деректерден қаңлы елінің ойын-сауық өнері мәдениетінің өз кезінде жоғары деңгейге жетіп, қытай патшалығы ордасынан орын алғандығын, сондай-ақ қытай елінің ән-би өнерінің дамуына ықпал жасағандығын көруге болады.

Жоғарыдағы пайымдаудан, Қаңлы мемлекеті Қазақстан өңірінде құрылып, сегіз ғасыр өмір сүрген байырғы мемлекеттердің бірі болғандығын көреміз. Қаңлыларда ерте және орта ғасырлардағы мемлекеттіктің барлық белгілері қалыптасқан. Атап айтқанда, Қаңлы мемлекетін елбасы - патша билеген; ел тұрғындарының тұрақты қоныс өңірі немесе аумағы болған; ел қорғайтын қарулы күштері мен қоғамдық тәртіпті реттейтін заң-ережелері; мемлекеттік басқару жүйесі мен әр дәрежелі билеушілері болған; мемлекеттің ақшасы - жармақ теңгесі мен өздеріне тән тіл-жазуы болған және дербес ел ретінде төңірегіндегі және алыс шетелдермен келісім-шарттар жасап, дипломатиялық қатынастар орнатқан, тіптен өзіндік дипломатиялық рәсімдерін қалыптастырған. Сондықтан болар, сөзді өте дәл қолдануға баса назар аударатын қытай қаламгерлері өздерінің ресми жылнамаларында қаңлыны сегіз ғасыр бойы «Қаң жүй го» – «Қаңлы мемлекеті» деп атауының сыры осында жатса керек. Демек, Қаңлы мемлекеті - Қазақстан және Орталық Азияда құрылған байырғы мемлекеттердің бірі, сондай-ақ ол Қазақстандағы мемлекеттіктің негізін салған алғашқы бір құрылым болып табылады.

5. Лекцияның оқыту тәртібі, әдістері мен түрлері: : проблемалық лекция, проблемалық оқыту технологиясы.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі:

1-деңгейдің сұрақтары:

1. Қаңлы халқы туралы қытай деректері не айтады?
2. Қаңлы билеушісінің басты ордасы қайда орналасты?

2-деңгейдің сұрақтары:

1. Қаңлылар қалдырып кеткен ескеркіштер қандай мәдениетке жатады?
2. Қаңлылардың зерттелген археологиялық ескерткіштерін атаңыз.

3-деңгейдің сұрақтары:

1. Көк Мардан қаласы қайдан табылды?
2. . Қаңлыларда сауданың болғандығына не дәлел?
3. Қаңлыларда дамыған қолөнер түрі?

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері: Қаңлылардың тарихын зерттеуде жауабын

таппаған сұрақтар көп. Солардың қатарында қаңлылардың шығу тегіне қатысты мәселені зерттеу.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. Т.1 – Алматы, 1996. – 531 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 374 с.
3. Кузенбайұлы А. История Казахстана. – С.-П., 2004. – 420 с.
4. Акишев К.А. Культура саков и усуней долины Или. – А-А., 1981.
5. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры. – А.А., 1986.
6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. – М., 1978.
7. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура савромат. – М., 1964.
8. Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.
9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.
10. Байбатша.Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы. «Санат» баспасы, Алматы 1998.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ
2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>
2. https://vk.com/history_qaz